

Қызылорда облысы Жаңақорған
ауданы «Меруерт» бөбекжай
жеке балабақшасы
БҰЙРЫҚ

Қызылординская область
Жанакорганский район частный
детский ясли сад «Меруерт»
ПРИКАЗ

120300 Жаңақорған кенті, Хорасан Ата 109
тел. (8 778) 178 27 64 , e-mail: gnabiyev@internet.ru

Бұйрық № 94

01.02.2024 ж

«Білім беру ұйымында аттестаттау комиссиясын құру және өзін өзі бағалау жұмыстарын жүргізу туралы»

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 жылы № 12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы нұсқаулықтың» талабына сай

БҰЙЫРАМЫН:

«Меруерт» бөбекжай жеке балабақшасында 2024 жылы шілде айында кезекті мемлекеттік аттестаттаудың өту мақсатында өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін төмендегі көрсетілген аттестаттау комиссиясы құрылсын.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Меңгеруші-Набиева Г.Р

Аттестаттау комиссиясының орынбасары, кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Әдіскер-Кунходжаева С

Комиссия мүшелері: Медбике-Бержембаева Ж

Тәрбиеші:-Шаймерденова О

Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

**«Меруерт» бөбекжай жеке
балабақшасының меңгерушісі:**

Бұйрықпен таныстым:

С. Кунходжаева
Ж. Бержембаева
О. Шаймерденова



Г.Набиева

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан
ҮЗІНДІ

01.02.2024ж

Күн тәртібі

Аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау және өзін өзі бағалау бойынша педагогикалық кеңестің төрайымы Набиева Гүлмира Рахмбердиевна сөз сөйледі. Ол қатысушыларды 2024 жылы ақпан айында мемлекеттік аттестаттауды өткізу кестесімен таныстырды.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Бұдан әрі педагогикалық кеңестің төрайымы Набиева Гүлмира Рахмбердиевна ұжымды білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерімен таныстырды. Талқылау нәтижесінде педагогикалық ұжым комиссия құрамын анықтады.

Педагогикалық кеңес шешімі:

2024 ж 01 ақпаннан 05 шілдеге дейінгі кезеңде өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссия төмендегідей құрамда бекітілсін.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы:

«Меруерт» бөбекжай жеке балабақша меңгерушісі-Набиева Г.Р

Аттестаттау комиссиясының орынбасары:

Кәсіподақ төрайымы:

Әдіскер:- Кунходжаева С

Медбике-Бержембаева Ж


Тәрбиеші: Шаймерденова О

Хатшы: Керимкулова К

2024 жылғы 01- ақпаннан 05 шілдеге дейін балабақшаның өзін өзі бағалауын жүргізу және өзін-өзі бағалау қорытындыларын балабақша сайысында орналастыру.

Педагогикалық кеңестің төрайымы :

Хатшы:



Набиева Г.Р

Керимкулова К

**«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесінің
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДАН ӨТУ**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Жаңақорған ауданы 2024 ЖЫ

1.БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті

«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесінің өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі өзіндік бағалау 2024 жылы маусым айының 10-20 аралығында өтті. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті «Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі 1998 жылдан бастап жұмыс істейді.

Ғимарат түрі – 1қабатты.

Жоба қуаттылығы– 90 орын. Оқыту тілі – қазақша

Мектепке дейінгі мекеменің ішкі тәртібін реттеуші төлқұжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама 1998 жылғы 28 қыркүйек

Бизнес сәйкестендіру (БСН): № 980940002724;

Мекеме атауы	Мекен-жайы	Телефондары	Пошта индексі	Меңгерушінің аты-жөні
«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі	Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті Хорасан Ата 109 А	87751782764 Meru86.86@mail.ru	120300	Набиева Гульмира Рахмбердиевна

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымында **5 топ қазақ тілінде** жұмыс жасайды.

Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған.

Балабақшаның жұмыс уақыты күнделікті 10,5 сағатты құрайды. Сағат 8:00-18:30 - ға дейін.

Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

Балалар үшін музыка залы, дене шынықтыру залы, психолог кабинеті, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, баланың жас ерекшелігіне, заман талабына сай жабдықталған топтар бар. Сондай-ақ, асхана, кір жуатын, үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ - 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен Қамтылған серуен алаңдары бар. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесі Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны:

- Перспективалық жоспар;

- Циклограмма;
- Баланың жеке даму картасы.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу - білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (*бастапқы – қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды - мамыр айында*).

Балабақшамызда мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етіп, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, , қазақ тіліне деген құрметке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулып, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру барысында жұмыстар жүргізіледі.

Балалармен оксалин майын мұрынға жағу және жұқпалы аурулардың алдын - алу шаралары уақытылы жүргізіледі. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып және нәрлеу мен жемістер, жеміс-жидек шырындары үнемі беріледі. Балабақша медбикесі шынықтыру жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп, ата- аналарға баласының жағдайы туралы хабардар етіп, пайдалы кеңестер береді. Балабақша қызметкерлерінің денсаулық кітапшаларын қадағалап, жоспарлы медициналық тексеруден өткізіп отырады.

- № 026/е нысанды медициналық құжаттама;
- Баланың денсаулығы туралы анықтама;
- Балабақшаға жолдамасы;
- Ата-аналармен келісім шарты;

Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттар талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

- Жеке куәлік немесе паспорт;
- Білімі, біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (диплом нотариалды куәландырылған);
- Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасы);
- Алдын-ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (санитарлық кітапшасы);
- Сотталмағаны туралы анықтама;
- Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама;
- Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама.

«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар

(жеке іс- қағазы фотосуретімен, өмірбаяны, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама, сотталмағаны туралы анықтама, қызметтік) жинақталған.

Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы сейфте сақталады. Балабақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Балабақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған.

2. МАМАНДАР ҚҰРАМЫН ТАЛДАУ

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы маңызды роль атқарады. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ол - педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Білім беру дағдыларында, оқу іс-әрекетінде көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру – білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының ұжымдық ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербес шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі.

Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз.

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны -9,5 оның ішінде педагогтар саны –11.

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары		Арнаулы-орта	
		Мектепке дейінгі	Педагогикалық	Мектепке дейінгі	Педагогикалық
2021-2022	9	-	4	5	-
2022-2023	8	-	4	4	-
2023-2024 ж	11	2	4	5	-

Оқу жылы	Курстан өткендер саны		Оның ішінде
	Жалпы Саны	Тәрбиешілер	Мамандар
2021-2022	4	3	2
2022-2023	6	5	4
2023-2024	9	7	6

Әдістемелік нұсқаулыққа қосымша 2

**2024 жылдың қаңтар айы «МЕРУЕРТ» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі педагогикалық мамандармен
қамтамасыз етілуі туралы мәлімет
(білім беру ұйымының атауы)**

**«МЕРУЕРТ» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі педагог қызметкерлері туралы мәлімет
Педагогикалық құрамның сапалық және сандық сипаттамасы**

№	Тегі,аты ,әкесінің аты	Туған жері және жылы	Негізгі жұмыс орны(білім беру мекемесінің атауы,лауазымы,өтілі)	Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы (диплом бойынша)	Санат, берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмірі	штат бірлі гі	Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың нөмірі	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарына н соңғы өткен мерзімі	Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)
1	Набиева Гульмира Рахмбердиевна	Узбекистан, Самарканд 04.12.1979	«Меруерт» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі, меңгеруші, 5 жыл	Жоғары, тарих және құқық, тарих және құқық мұғалімі, 2001ж, 2маусым	22.07.2024 ж № 3-2024-2- 01728133-61-1 3 санаттағы басшы	1	22.07.2024 ж № 3-2024-2- 01728133-61-1 3 санаттағы басшы	25.08.2023	1.ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНІРАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық менеджмент», 80академиялық сағат.2023ж,25тамыз.	29.09.2024
								17.06.2024	2.СЕРТИФИКАТ ОӨО «Маман-Специалист» Осымен Набиева Гульмира Рахмбердиевна қайта даярлау курсы 0101000 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»тақырыбында 808сағат көлемінде өткендігін растайды.2024ж,17маусым.	
2	Кунходжаева Сауле Нурекеевна	Ю-Казахстанская область 11.02.1962	«Меруерт» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі, әдіскер, тәрбиеші 24жыл	Арнаулы орта,Түркістан қаласы,мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі,1983,7март	2020ж «30» наурыз №27, 2020ж, 31.03 1-санат	0,5 1,0	2020ж «30»наурыз №27 2020ж,31.03 1-санат	02.06.2023	1. «Нұр Ал-Астана»біліктілікті арттыру мекемесі. Сертификат. «Мектепке дейінгі сала педагогтарының кәсіби дамуын қолдауындағы әдістеме қызметінің ролі»тақырыбы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша72академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. 02.06.2023ж	16.01.2025ж
3	Шаймерденова Орынкул Тилеухановна	Кызылординская обл. 29.12.1970	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 3жыл	Арнаулы орта,Түркістан педагогикалық училище.Мектепке дейінгі тәрбие. Балалар бақшасының		1,5		31.03.2023	Республикалық «Өрлеу» ғылыми- әдістемелік орталығы Сертификат «Мектепке дейінгі білім беру :педагогтің кәсіби қызметін замануи	19.08.2024ж

				тәрбиешісі. 1991ж,28маусым					білім беру технологияларын қолдау тәжірбиесі» 80 академиялық сағат 31.03.2023 ж	
4	Бәкірова Гулбану Тұрғанбекқызы	Кызылординская обл. 18.07.1992	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 1 жыл	«Сырдария»университеті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».2022,23маусым	17.07.2024 ж № 3-2024-2- 01694457-61-1 педагог- модератор	0,75	17.07.2024 ж № 3-2024-2- 01694457-61-1 педагог- модератор	-	-	
5	Керимкулова Кулаш Калтаевна	Кызылординская обл. 25.11.1966	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 24жыл	Арнаулы орта .Қызылорда.М.Маметова пед.училище «Мектепке дейінгі тәрбие» 1987,29маусым	2020ж.31.08 2020жыл, 31тамыз №26, модератор біліктілік санаты	1,5	2020ж.31.08 2020жыл, 31тамыз №26, модератор біліктілік санаты	17.03.2023	1. «Нұр Ал-Астана»біліктілікті арттыру мекемесі. Сертификат. «Ұйымдастырылған оқу қызметінде инновациялық әдістерді меңгеру бойынша тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»»тақырыбы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша72академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. 17.03.2023ж 2.Сертификат «Өрлеу»біліктілік арттыру. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын технологияларын қолдану құзыреттіліктерін дамыту»,72сағат. 17.11.2023жыл	27.09.2024ж
6	Әлменова Ботакөз Ақылбекқызы	Кызылординская обл. 24.08.1989	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 1 жыл	Қ.А.Ясауи атындағы Х.қазақ- түрік универ. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 2014,03мамыр	2020ж. 19 қараша, №64 Педагог- модератор. 2020,04.12	0,75	2020ж. 19 қараша, №64 Педагог- модератор. 2020,04.12	07наурыз,2 024ж	«Өрлеу»біліктілік арттыру. «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері»,72 академиялық сағат	
7	Адилбекова Эльвира Нурлановна	Кызылординская обл. 24.08.1989	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі, психолог, 1 жыл	Жоғары,Қ.А.Ясауи атындағы Х.қазақ-түрік универ. «Педагогика және психология»,педагогика және психология. 2010ж ,02маусым	-	0,5	-	28.07.2023	1. «Нұр Ал-Астана»біліктілікті арттыру мекемесі. Сертификат. «Түрлі-түсті көркемдік материалдармен жұмыс істеу барысында 3-4 жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін жандандыру» тақырыбы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 72 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. 28.07.2023ж	05.09.2024ж
8	Жакипова Гулдария Жусиповна	Кызылординская обл. 23.06.1971	«Меруерт» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі, музыка жетекшісі,1 жыл	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, музыкалық білім. 2010ж, 01 шілде	-	1	-	-	-	21.09.2024ж

9	Баттал Ақмарал Әшірханқызы	Кызылординская обл. 15.01.1997	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 2жыл 8ай	Қызылорда қаласындағы «Болашақ»универ.колледж. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқу»,мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі. 2017ж,26 маусым	-	1,5	-	14.04.2023	Республикалық «Өрлеу» ғылыми- әдістемелік орталығы Сертификат «Қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар:мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие және оқу қызметін ұйымдастыру» 80 академиялық сағат 14.04.2023ж	16.08.2024ж
10	Ерімше Жұлдыз Оңласынқызы	Кызылординская обл. 19.12.1994	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 1 жыл	Шымкент.«Болашақ» колледжі, Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі. 2016ж,30маусым	-	1,5	-	25.08.2023	1. «Нұр Ал-Астана»біліктілікті арттыру мекемесі. Сертификат. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойларын дамыту құралы рнтінде логикалық-математикалық ойындарын пайдаланудың тиімді әдістері»тақырыбы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша72академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. 25.08.2023ж	05.01.2025
11	Мекебаева Сымбат Даутовна	Кызылординская обл .04.03.1985	«Меруерт»бөбекжай балабақшасы»жеке мекемесі,тәрбиеші, 15жыл	Жоғары,Қ.А.Ясауи атындағы Х.қазақ-түрік универ. «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі»13маусым, 2007.	2020ж. 31тамыз №27 2020.31.08 Модератор біліктілік санаты	1,5	2020ж. 31тамыз №27 2020.31.08 Модератор біліктілік санаты	08.12.2022	1. Респ. «Даму» пед-псих.дамыту орталығы . «Цифрлық дәуірде педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытудағы жаңа тенденциялар», 72 сағат 2.СЕРТИФИКАТ ОӨО «Маман-Специалист» Осымен Мекебаева Сымбат Даутовна қайта даярлау курсы 0101000 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» тақырыбында 808 сағат көлемінде өткендігін растайды. 2024ж,17маусым.	

Педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс көрсеткіші

Педагогикалық ұжымның қызметіндегі бұл бағыт көп салалы және педагогты шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыру, ұжымның мәртебелік жағдайын арттыру үшін маңызды болып табылады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе кеңістігінің кеңеюін бірнеше аспектілерден көруге болады. Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, балабақша қабырғасында қолданылған педагогтардың заманауи талапқа сай, жаңа инновациялық технологиялармен еңбек етуі, прогрессивті тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады.

Жылдық міндеттемелер негізінде балалардың сөйлеуін, ойлауын, шығармашылығы мен зерттеушілігін дамытуда жаңа технологиялардың дидактикалық комплексі, мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін білім беру бағыттарының интеграциясы мен мектепке дейінгі білімнің мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес ұсынылған көрнекіліктермен мамандар мен тәрбиешілер күнделікті жұмыстарына қолданады.

3. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ

«МЕРУЕРТ» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі оқу-тәрбие процесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, мектепке дейінгі даму концепциясы, оқу-әдістемелік құжаттары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, білім беру бағдарламалары мен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.

Балабақшада тәрбиеленушілердің физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

- ✓ *Ерте жай-1 жастағы балалар;*
- ✓ *Ерте жас – 1 жастағы балалар;*
- ✓ *Кіші топ -2 жастағы балалар;*
- ✓ *Отаңғы топ – 3 жастағы балалар;*
- ✓ *Ересек топ – 4 жастағы балалар;*

№	Топ атаулары	Жас ерекшеліктері
1	«Еркедай» ерте жас тобы	1 жастағы балалар
2	«Айгөлек» ерте жас тобы	1 жастағы балалар
2	«Айналайын» кіші тобы	2 жастағы балалар
3	«Балбөбек» ортанғы тобы	3 жастағы балалар
4	«Балдаурен» ересек тобы	4 жастағы балалар

4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы, базалық оқу жоспарындағы әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған. 2021-2022 жылдар аралығында оқу жүктемесіне «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» сияқты 5 білім беру саласының мазмұны кірсе, 2022 жылдың қыркүйегінен бастап балалардың физикалық даму, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылуда. Мектепке дейінгі ұйымда білім және тәрбие беру үрдісі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» заңына сәйкес іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қолдану барысы – дені сау баланы тәрбиелеуді, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң

әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы 2021-2024 оқу жылдары аралығында мынадай жылдық міндеттемелерді алға қойды:

№	Оқу жылдары	Жылдық міндеттемелер
1	2021-2022	Денсаулықты сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың қозғалыс белсенділігін дамытып, денешынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалар: ☐ қозғалыс белсенділігін дамыту және үйлестіру, денешынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; ☐ жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу және өрмелеу барысында қозғалыстың негізгі түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру; .Балардың шығармашық дағдылары мен эстетикалық талғамдарын дамытуда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану Балалар: ☐ шығармашылық ойлау мен қиялды дамытуға жағдай жасау; ☐ қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру; ☐ инновациялық технологиялар мен әдістерді тиімді қолдана отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту.
2	2022-2023	Коммуникативті дағды: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін жаңа инновациялық технология арқылы дамыту» Міндеті: Сөздің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеп, тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру. Сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуін дамыту және белсендіру. Сөздердегі дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Танымдық зияткерлік дағды: «Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілетін зерттеу-жобалау жұмыстары арқылы дамыту» Міндеті: Балалардың интеллектуалды біліктілігін динамикасын арттыру. Білімге құмарлық деңгейін көтері. Танымдық үрдістерінің даму деңгейін көтеру.

3	2023-2024	Ағымдағы міндет: Балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу барысында рухани құндылықтарға баулу, жаңа технологиялар мен ойын түрлерінің маңызы. :- балалардың ойын арқылы рухани құндылықтармен таныстыру, шығармашылыққа деген қызығушылығын оятып, ұжымда әрекет ету қабілетін дамыту, қоғамда мінез-құлық тәжірибесін жинақтауға, бастамашылық пен дербестік танытуға, патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ету; Педагогтармен: -Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру әдістері бойынша әдістемелік ұсынымдарды түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыруда дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптарды орындау; Ата-аналармен:-Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекет етуге, ынтымақтастыққа, оларды мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне тартуға ерекше назар аудару:
---	-----------	--

Жылдық міндеттемелерді жүзеге асыруда әр түрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияларды пайдалану маңызды болды. Соның негізінде балабақша оқу-әдістемелік құрал-жабдықтармен толықтырылды. Дидактикалық құрал-жабдықтарды арттырып, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында көрнекі құралдарды, ойын материалдарын түрлендіре қолдануды одан әрі арттырып, жетілдіре түсті.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау екі этаптан тұрады:

Бірінші этап – өзін-өзі бағалау; екінші этап - аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік, қызметкерлер және ата-аналармен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау, қамқоршылық кеңесіне ұсыну.

Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында заттық-кеңістіктік ортаны білім беру элементі ретінде қарастырып және оның мүмкіндіктерін барынша қолдануы; ойын алаңын ұйымдастыруда кеңістікті аймақтарға бөліп, балаларды ерте дамыту үшін қызығушылық орталықтарын ұйымдастыруы; балалардың сөздік қорын кеңейтуге көмектесуде педагогтер балалардың сөздік қорын байытуға тек ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында ғана емес сонымен қатар режим сәттері мен еркін ойын кезінде де көңіл бөлетіндігі; балаларды қарым-қатынасқа баулуда балалардың сөйлеуге деген құштарлығын оятып және балаларды жеке қарым-қатынас жасау қабілетін арттыруда көбінесе балалардың үнін естіп, сонымен қатар педагогтер тарапынан балалардың жасына сәйкес балаларды қызықтыратын сұрақтар жиі қоятындығы; балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты көптеп пайдалануы, ал балаларды кітап қолдануға баулуда балаларға арналған кітап оқу үшін арнайы орынды ұйымдастырып, кітаптардың қолжетімді болуына жағдай жасалынуы; бейнелеу өнеріне тиісті жағдай жасалып, құралдардың бала санына жеткіліктілігі,

суретті баланың қалағанын салу мүмкіндігі қарастырылғаны, ойдан салуға және баланың жеке көзқарасына педагог тарапынан қолдау көрсетілуі; музыкада балалардың музыканы тыңдау және әр түрлі қимылдар жасау мүмкіндігінің болуы мен музыкалық аспаптардың қолжетімділігі, оларды өз бетінше қолдануы; рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер, арнайы ойыншықтардың болуы; табиғат/ғылым бойынша топтарда табиғи материалдардың болуы, ойыншықтарымен құм/судың болуы, педагогтердің балалармен табиғат туралы, соның ішінде ауа-райы мен жыл мезгілдері туралы әңгіме айтуымен ғана шектелмей оны зерттеуге қызығушылықтарын арттыруы; математика және математикалық іс- әрекеттерді орындауға арналған материалдар жеткілікті, балаларды қызықтырып, математика бойынша түрлі қызықты сұрақтар қойылуы; балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласуында көрініс тауып, педагогтердің балалар арасындағы туындайтын кикілжіңдерді шешуге балалармен келіссөздер жүргізуде және оны шешуге әрқашан көмектесуі; еркін ойын кезінде балаларға жеткілікті

уақыт бөліп, сондай-ақ педагогтердің балалармен өзара әрекет ету және үйрету үшін еркін ойын мүмкіндіктерін пайдаланатыны, ойынға қосылып, өзін балалармен достық қарым-қатынаста ұстауы сияқты жұмыстарды кеңінен қолданып, күнделікті жүргізуде. Педагогтардың күш жігері балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге, қоршаған ортадан, табиғат құбылыстарынан, заттар әлемінен тәжірибе жасау барысында қабылдау сезімдерін оятуға бағытталған.

Балабақшамызда педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін қалыптасыруға, шыңдауға бағытталған іс- шаралар *(педагогикалық кеңестер, ашық іс-әрекеттер мен ашық есік күндері, семинар, кеңес, тренингтер)* өткізіліп тұрады. Барлық педагог-мамандар кәсіби біліктілігін көтеріп, компьютерлік сауаттылықты меңгеріп отырады.

Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне инновациялық, тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмектер көптеп көрсетіліп тұрады. Мемлекеттік стандартты басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес апталық циклограмма құрастырады.

Балабақшамызда тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша іске асырылуда: ❖ Физикалық дамыту – физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер

арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық берілген және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізіледі. Физикалық дағдыларды арттыруда түрлі іс-шаралар, атап айтар болсақ: денсаулық күні, спорттық іс-шаралар, денешынықтыру мерекелері ұйымдастырылып, ата- аналар арасында да белсенді өткізілуде.

❖ Коммуникативтік дағдыларды дамыту – балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті,

еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (*балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау*) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (*сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар*) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір- бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Театрдың ғажайып әлемі», «Абай өлеңдерін оқу», «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Менің отбасым» сынды т.б., түрлі байқаулар ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілуде.

❖ Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Кіші жастағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлініп, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулуда тәрбиешілер талмай еңбектенуде. Тәрбиеші өз шеберлігі мен методикасын баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беріп, ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттаған. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруда. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (*заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.*) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың

математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беріліп, жұмыстар жүргізілуде.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүреді, кей кездері балалардың көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысады. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу тәрбиеші тарапынан ұсынылып, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбай, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өз бетінше жасауға ынталандырып, оларға еркіндік беріп, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулуда. «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Балалардың шығармашылығын шыңдауда балабақшада түрлі мерекелер, ойын-сауықтар мен ертеңгіліктер, ата-аналармен біріге қолөнер, сурет байқаулары ұйымдастырылып жиі өткізіліп отырады. Мысалы: «Күз байлығы», «Қыс кереметі», «Көрікті көктем», «Менің балабақшам», «Туған жер» сияқты қолөнер, сурет байқаулары.

❖ Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру – қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (*тірі және өлі табиғат*) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды. Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру арқылы жұмыстар жүргізілуде.

Балабақша педагогтері ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тартымды, қызықты әрі жүйелі ұйымдастыруда төмендегі инновациялық технологияларды қолданады:

- Денсаулық сақтау технологиясы
- Арт терапиясы

- Ертегі терапиясы
- Ойын технологиясы
- Ақпараттық технология

Мамандармен жұмыстану барысында кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталаған педкеңестер, семинарлар, байқаулар, көрмелер, ашық есіктер мен іс-әрекеттер, т.б., іс-шаралар тәрбиешілердің біліктілік деңгейлерінің жоғарлауына әсер етті. Балабақшамыз аудан көлемінде, қала көлемінде, балабақша көлемінде өткізген іс-шараларға ұжым болып ұйымшылдықпен белсенді жұмыстар атқарды. Түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, әртүрлі тақырыптарда басылым беттерінде мақалалар жариялауда.

Атап айтсақ:

2021 жыл. Диплом Республикалық «Дала сазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Айгөлек ансамбілі марапатталады, номинация аспапта ойнау II-орын

2021 жыл. Диплом Республикалық «Дала сазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Айгөлек ансамбілі марапатталады, номинация Бейнелеу және қолөнер III-орын

2021 жыл. Диплом Республикалық «Дала сазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Балбөбек ансамбілі марапатталады, номинация аспапта ойнау III-орын

2021 жыл. Диплом Республикалық «Дала сазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Қожамұрат Раяна марапатталады, номинация вокал III-орын

2021 жыл. Диплом Республикалық «Дала сазы» байқауында жоғары дәрежеде өнер көрсеткені үшін Мұстафа Әбужүсіп марапатталады, номинация Бейнелеу және қолөнер II-орын

2022 жыл «Бала болашақ »Республикалық балалар шығармашылық байқауы Қол өнер мен бейнелеу бағыты бойынша II-орын

2022 жыл Диплом «Бала болашақ » Республикалық балалар шығармашылық байқауы Аспапта ойнау бағыты бойынша бас жүлде Алдаберген Азамат марапатталады.

2022 жыл Диплом «Бала болашақ » Республикалық балалар шығармашылық байқауы Көркем сөз оқу бағыты бойынша бас жүлде Төребек Көркем марапатталады.

2022 жыл Диплом «Бала болашақ» Республикалық балалар шығармашылық байқауы Эстрадалық вокал бағыты бойынша I –орын Маратқызы Азия марапатталады.

2022 жыл Диплом «Бала болашақ» Республикалық балалар шығармашылық байқауы Хореография бағыты бойынша I –орын Қуан Айсұлтан марапатталады.

2022 жыл Диплом «Бала болашақ» Республикалық балалар шығармашылық байқауы Фотоөнер бағыты бойынша II –орын Қалилла Алихан марапатталады.

2022 жыл Новая звезда XXII фестиваль конкурс 2-место Курбанали Елдар

2022жыл Благодарственное письмо Детский сад «Меруерт»

2023 жыл Диплом 1-дәрежелі AUTUMN FEST -2023 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ шығармашылық байқауында «Күз ханзадасы -2023» номинациясы бойынша Бектемір Кенесары марапатталады.

2023 жыл Диплом II-орын Танылмаған таңқалдырған таланттар атты аудандық байқауда Әлис Самат марапатталады.

2024 жыл Диплом 1-дәрежелі «Анама сыйлық» атты республикалық байқауда Вокал номинациясы бойынша Нұрлан Раяна марапатталады.

Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту шаралары

Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту мен нығайту үшін төмендегі әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

- Йодтық тапшылықтың алдын-алу шаралары үнемі және жүйелі түрде жүргізіліп келеді;
- Тұмаудың алдын-алу шаралары: оксолиндік жақпа майы, лимон, итмұрын сусыны сусындары және пияз, сарымсақ топтарда туралып қойылады;
- Денсаулық сақтау технологияларын оқу іс-әрекетінде үнемі пайдалану;
- Шынықтыру шаралар кешені: ауада шынықтыру, денсаулық кілемшелерімен жүру, жалпақтабандылықтың алдын алу, сергіту жаттығулары, таза ауада ұзақ болуын қамтамасыз ету;
- Рационалды тамақтануды ұйымдастыру, т.б.

Балалар денсаулығын жақсарту бойынша медициналық алдын-алу кеңесінің жүйелі жұмысы бала денсаулығының күшеюіне ықпал жасайды, әсіресе жиі ауыратын балалар тобымен жүргізілген жұмыс нәтижесін айта кету керек.

5. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі «Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі 1998 жылдан бастап жұмыс істейді. Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (өзгертулер мен толықтырулар туралы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Балабақшада кіші, ортаңғы, медициналық кабинет, оқшаулау бөлмесі, ас блогы, , кір жуатын, төсек-орын бөлмелері ,бухгалтер, меңгеруші,музыка залы, барлық топтарының ұйықтайтын, ойнайтын, шешінетін, ыдыс жуатын және дәретхана жайлары, психолог, әдіскер кабинеті және «жеті ойыншық» кабинетімен жабдықталған.

Балабақшаның қауіпсіздігі үшін сыртқы 5 - бейнебақылау, ішкі 20 - бейнебақылау камералары және кіруді бақылау және басқару жүйесімен, күзет сигнализациялық құралдарымен, хабардар ету құралдарымен жабдықтар жиынтығы, дауыстық хабарлауы бар өрт дабылы жүйесін орнату жиынтығы бар.

Балабақшаның материалдық-техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, заттық - кеңістік дамытушы орта жаңа дизайнмен безендірілген.

Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қорғауда топ бөлмелерінде, жатын бөлмеде, шешінетін бөлмеде бейнебақылау камералары орнатылған. Заттық - кеңістіктік дамытушы орталар қауіпсіз, тартымды, қолайлы жиһаздармен безендірілген. Балалар үшін музыка және дене шынықтыру, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, ашық спорт алаңы бар.

Сондай-ақ ас блогы, төсек - орын, кір жуатын бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ - 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал жабдықтармен қамтылған серуен алаңдары бар.

Ас бөлмесі толық техникамен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді, жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқыш, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы екі түрлі электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар.

Кір жуатын бөлме - 2 бөлмеден тұрады. Бірінші бөлме кір қабылдау, әр топтың кір төсеніштерін салуға арналған себеттер, карантин кезінде пайдаланатын 1 себет бар, бір кірді кептіру машинасы, қол жуғыш, кір кептіру сөрелері бар, кір жуатын 2 кір жуғыш автомат машина орналасқан, біреуі арнайы карантинге байланысты және қол жуғыш және ванна орналасқан, сондай-ақ кір орамалдарды жібітуге арналған және карантин кезіндегі орамалдарды дезинфекциялауға арналған 2 ыдыс бар. Екінші бөлмеде таза кір үтіктеу бөлмесінде, таза төсеніштерді үтіктеуге арналған үтіктер мен үтіктеу тақтасымен жабдықталған. Үшінші бөлмеде таза үтіктелген төсеніштер жеке-жеке топ бойынша жинақталып сөрелерде тұрады. Осы бөлмеден топтарға таратылып беріледі.

6. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

Ақпараттық мәдениет - бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.

Балабақшада меңгеруші, әдіскер, бухгалтер, медициналық бөлме және барлық топтар компьютерлермен қамтамасыз етілген. Балабақшада ғаламтор бар.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында төмендегі техникалық құрал - жабдықтар және әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген:

- ✓ Компьютер – 5
- ✓ Интерактивті тақта - 2
 - ✓ Проектор - 1
 - ✓ Принтер -7 ✓
- Түрлі - түсті принтер -2 ✓
- Факс - 1 ✓
- Телевизор -4✓

Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтарымен және көрнекі құралдармен жабдықталған.

Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен (*педагогикалық, әдістемелік, газет -журналдармен*) толық қамтамасыз етілген. Мақалалардың журналдарда басылуы, балабақша педагогтарының жұмысы, тәжірибесі-ұжымдық қызметтің ашықтығының бір көрінісі.

7. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларыны даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жүргізіледі. Мониторингтің *критерийлері* (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларыны даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жүргізіледі. Мониторингтің *критерийлері* (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жиынтық есеп

Балабақшада педагогтардың бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізіледі. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен, 2023-2024 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық және қорытынды диагностика нәтижелері 2021-2022 оқу жылы бойынша әрбір бала 5 білім беру саласымен мен ұйымдастырылған қызметтері көрсетіліп, бақылау парақтары жасақталған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды нәтижесі 5 білім беру саласы мен ұйымдастырылған іс-әрекеттері көрсетіліп, бақылау парақтары жасақталды. Педагогтар балалардың жетістігін күтілетін нәтижелерге қатысты бағалаған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада жіберілді)

**Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша
2021-2022 оқу жылы**

№	Топтың атауы	Бала саны	I	II	III
1	«Айгөлек» кіші топ	18	1	12	5
2	«Айналайын» кіші топ	17	1	11	5
3	«Балбөбек» ортаңғы топ	24	3	10	11
4	«Балдәурен» ересек топ	18	3	10	5
		77	8	43	26
			10,3%	55,8 %	33,7%

**Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын аралық бақылау нәтижелері бойынша
2021-2022 жыл (қаңтар айы)**

№	Топтың атауы	Бала саны	I	II	III
1	«Айгөлек» кіші топ	18	1	12	5
2	«Айналайын» кіші топ	17	1	11	5
3	«Балбөбек» ортаңғы топ	24	6	9	9
4	«Балдәурен» ересек топ	18	2	12	4
		77	10	44	23
			12,9%	57,1 %	29,8%

**Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қорытынды бақылау нәтижелері бойынша
2021-2022 жыл (мамыр айы)**

№	Топтың атауы	Бала саны	I	II	III
1	«Айгөлек» кіші топ	18	1	12	5
2	«Айналайын» кіші топ	17	1	11	5
3	«Балбөбек» ортаңғы топ	24	1	12	11
4	«Балдәурен» ересек топ	18	3	10	5
		77	6	45	26
			7,7%	58,4 %	20,7%

**Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша
2022-2023 оқу жылы**

№	Топтың атауы	Бала саны	I	II	III
1	«Айгөлек» кіші топ	13	1	8	4
2	«Айналайын» кіші топ	13	1	8	4
3	«Балбөбек» ортаңғы топ	22	2	14	6
4	«Балдәурен» ортаңғы топ	23	2	14	7
		71	6	44	21
			7,7%	57,1%	27,7%

2022-2023 оқу жылының аралық бақылау нәтижелері

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Айналайын	13	7	6	0	7	5	1	6	7	0	10	3	0	12	1	0
Айгөлек	13	7	6	0	7	5	1	6	7	0	10	3	0	4	9	0
Балдәурен	22	8	9	2	6	10	3	5	11	3	7	10	3	6	13	2
Балдәурен	23	8	9	2	6	10	3	5	11	3	7	10	3	6	13	2
Барлығы	71	33	31	7	29	32	10	24	38	10	36	28	7	30	35	6
	100	46	44	10	41	45	14	34	54	14	51	39	10	42	49	8

2022-2023 оқу жылының қорытынды бақылау нәтижелері

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Айналайын	13	9	4	0	9	4	0	9	4	0	9	4	0	9	4	0
Айгөлек	13	9	3	1	9	3	1	8	5	0	9	3	1	11	1	1
Балбөбек	22	13	7	2	14	6	2	13	7	2	14	5	3	12	8	2
Балдәурен	23	14	6	3	14	6	3	13	7	3	14	6	3	12	8	3
Барлығы	71	45	20	6	46	19	6	43	22	6	46	24	0	46	19	6
	100	63	28	8	65	27	8	61	31	8	65	34	8	65	27	8

2023-2024 оқу жылының бастапқы бақылау нәтижелері

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Айгөлек	10	5	3	2	5	4	1	3	4	3	3	3	4	4	4	2
Еркетай	10	5	3	2	5	4	1	3	4	3	3	3	4	4	4	2
Айналайын	20	3	14	3	3	15	2	5	11	4	5	13	2	6	12	2
Балбөбек	25	16	8	1	14	10	1	17	7	1	18	6	1	22	2	1
Балдәурен	25	15	10	0	12	12	1	16	9	0	14	11	0	14	10	1
Барлығы	90	44	38	8	39	45	6	44	35	11	43	36	11	50	32	8
	100	49	42	9	43	50	7	49	39	12	48	40	12	56	36	9

2023-2024 оқу жылының аралық бақылау нәтижелері

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Айгөлек	10	5	3	2	5	4	1	3	4	3	3	4	3	5	4	1
Еркетай	10	5	3	2	5	4	1	3	4	3	3	4	3	5	4	1
Айналайын	20	4	14	2	11	8	1	8	8	4	8	10	2	6	11	3
Балбөбек	25	17	7	1	14	11	0	20	5	0	15	8	2	14	11	0
Балдәурен	25	15	10	0	12	12	1	16	9	0	14	11	0	14	10	1
Барлығы	90	46	37	7	47	39	4	50	30	10	43	36	11	44	40	6
		51	41	8	52	43	4	56	33	11	48	40	12	49	44	7

2023-2024 оқу жылының қорытынды бақылау нәтижелері

Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Айгөлек	10	7	3	0	6	4	0	4	5	1	5	5	0	6	4	0
Еркеғай	10	7	3	0	6	4	0	4	5	1	5	5	0	6	4	0
Айналайын	20	9	10	1	12	7	1	10	10	0	8	12	0	7	13	0
Балбөбек	25	22	2	1	21	4	0	25	0	0	20	4	1	20	4	1
Балдәурен	25	15	10	0	12	12	1	16	9	0	14	11	0	14	11	0
Барлығы	90	60	28	2	57	31	2	59	29	2	52	37	1	53	35	2
		67	31	2	63	34	2	66	32	2	58	41	1	59	39	2

8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ БОЙЫНША САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне арналған сауалнамаға – 11 педагог қатысты = 100%

Сауалнама телеграмм каналы арқылы өткізілді. Педагогтар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде 80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.

Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнамаға - 25 ата-ана қатысты. (4 жастан бастап) Сауалнаманың мақсаты: ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау


9. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін қорытындылау. Мектепке дейінгі ұйым жанынан құрылған комиссия құрамы өзін-өзі бағалауға бақылау жүргізді. Бақылау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бағалау өлшемшарттарына сәйкес, өзін-өзі бағалау материалдарына ұсынылатын білім беру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді. Жылдық жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар жүйелі, уақытылы жүргізілген. Педагогтар кестеге сәйкес кезекті және кезектен тыс өз өтініштері бойынша аттестаттаудан өткен. Біліктілік шеберліктерін жетілдіруде біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Тәрбиелеу және білім беру процесінде Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» талаптары орындалған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаңа инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану ойын түрінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің «Әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес келеді. Топтардағы заттық-кеңістікті дамытушы орта балалардың жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіздік техникасын, санитарлық- гигиеналық, эстетикалық талаптарды сақтай отырып, тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерін ескере, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда қолайлы жағдай жасалып, жабдықталған. Балабақшаның материалдық-техникалық базасы балалардың жан-жақты дамуына, құрал-жабдықтармен жабдықталып, қамтамасыз етілген. Топтар балалардың жас ерекшелігіне сай толықтырылған. Аттестаттау комиссиясы жұмыстардың нәтижесі мен қорытындысын талқылай келе төмендегідей ұсыныстар берілді: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031 болып тіркелді) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы.


Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қыркүйекте № 29509 болып тіркелді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) бойынша тәрбиелеу –білім беру процесінің жұмысын әрі қарай жалғастыру : Педагогтерге тәрбиелеу –баләм беру процесін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды кеңінен қолдануды ұйымдастыру және педагогикалық –психологиялық қолдау көрсетуді жалғастыру; Жоспар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан уақылы өткізу, Заттық-кеңістікті дамытушы ортаны қажетті оқу-әдістемелік кешендермен үнемі толықтыру ұсынылады.

«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша Ұлттық білім беру деректер қорында Мектепалды топ тіркеліп кеткен, яғни қате мәлімет ұсынылған. Оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған қызметі бойынша «Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесінде Мектепалды тобы жұмыс жасамайды.


«Меруерт» бөбекжай балабақшасы жеке мекемесі қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Бағалау өлшемшарттары бойынша балабақша өзін-өзі бағалаудан өтті.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Меңгеруші-Набиева Г.Р. 

Аттестаттау комиссиясының орынбасары, кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Әдіскер-Кунходжаева С 

Комиссия мүшелері:

Медбике-Бержембаева Ж 

Тәрбиеші:-Шаймерденова О 

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100%	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	90%	4
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес	100%	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95%	4
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-	100%	5

	әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде	100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
			43

Балабақша меңгерушісі:



Г.Нәбиева